

АВРААМ КЕЛІСІМДЕРІ ЖӘНЕ ТАЯУ ШЫҒЫС АЙМАҒЫНДАҒЫ САЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР

Ж.А. Сарсенбеков, А.Б. Монтаев, Ж.Е. Турекулова

АННАТАПА

Мақалада 2020 жылдан бастап бірқатар араб мемлекеттері мен Израиль арасында жасалған Авраам келісімдерінің алғышарттары, мазмұны мен мәні, сонымен қатар оның қазіргі кезеңдегі жүзеге асырылу барысы қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – аталған келісімдердің Таяу Шығыстағы геосаяси үдерістерге, аймақтық қауіпсіздікке және ынтымақтастықтың жаңа форматтарының қалыптасуына ықпалын бағалау. Зерттеу барысында салыстырмалы-талдау әдісі негізінде аталған келісімдерге қатысты сыртқы акторлардың көзқарасы айқындалып, келісімге қосылмаған өзге араб мемлекеттерінің саяси ұстанымдарына талдау жүргізіледі. Зерттеу нәтижелері Авраам келісімдерінің түбегейлі жаңа дипломатиялық бастама емес, тараптар арасындағы өзара түсіністікті нығайтуға бағытталған ұзақ жылдық күш-жігердің жалғасы және Израильдің аймақтық держава ретіндегі ұстанымын күшейтуге бағытталған қадам екенін көрсетеді. Сонымен қатар, келісімдер Америка Құрама Штаттарының тарапынан ұсынылған «Жаңа Таяу Шығыс» тұжырымдамасының жаңартылған нұсқасы ретінде қарастырылады. Араб-еврей қатынастарын реттеуде және аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселесінде бірыңғай саяси ұстанымның қалыптаспағаны анықталады. Келісімдердің идеялық негізі бейбітшілікке қол жеткізудің басты тетігі ретінде өзара тиімді экономикалық байланыстарды дамыту қағидатына сүйенеді. Осы тұрғыда геэкономикалық ынтымақтастық Таяу Шығыстағы геосаяси қарсыластықты төмендетуге бағытталған прагматикалық қадам ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: Таяу Шығыс, Израиль, Араб елдері, Авраам келісімдері, қауіпсіздік, геосаясат, ынтымақтастық.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Шымкент, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Турекулова Ж.Е.
turekulova74@mail.ru

Сілтеме: Сарсенбеков Ж.А.,
Монтаев А.Б.,
Турекулова Ж.Е. Авраам
келісімдері және таяу Шығыс
аймағындағы өзгерістер //
Адам әлемі. – 2026. – Т. 28.
№ 1 (107). – Б. 101-112.

Соглашения Авраама и политические изменения на Ближнем Востоке

Аннотация. В статье анализируются исторические предпосылки и значение соглашения Авраама, заключенных с 2020 года между рядом арабских государств и Израилем, а также особенности их реализации на современном этапе. Рассматриваются позиции ключевых акторов данного процесса, а также подходы арабских стран, не присоединившихся к соглашениям. Исследуется трансформация геополитической ситуации на Ближнем Востоке после подписания соглашений и оценивается их влияние на региональную безопасность и формирование новых форматов сотрудничества. Соглашения Авраама трактуются не как принципиально новая дипломатическая инициатива, а как продолжение многолетних усилий по укреплению взаимопонимания между сторонами и одновременно как инструмент усиления позиций Израиля в качестве региональной державы. Кроме того, соглашения рассматриваются в контексте обновленной версии концепции «Новый Ближний Восток», продвигаемой Соединенными Штатами Америки. В целом политические процессы, развившиеся после заключения соглашения Авраама, демонстрируют отсутствие единой платформы в урегулировании арабо-израильских отношений и обеспечении региональной стабильности. Современная динамика свидетельствует о том, что развитие сотрудничества определяется прежде всего прагматичными экономическими интересами, тогда как влияние соглашений на вопросы безопасности и стабильности остается ограниченным.

Ключевые слова: Ближний Восток, Израиль, Арабские страны, соглашения Авраама, безопасность, геополитика, сотрудничество.

The Abraham Accords and political changes in the Middle East

Abstract. The article analyzes the historical background and significance of the Abraham Accords concluded since 2020 between a number of Arab states and Israel, as well as the specific features of their implementation at the present stage. It examines the positions of the key actors involved in this process and the approaches adopted by Arab countries that have not joined the agreements. The study explores the transformation of the geopolitical situation in the Middle East following the signing of the Accords and assesses their impact on regional security and the formation of new frameworks for cooperation. The Abraham Accords are interpreted not as a fundamentally new diplomatic initiative, but as a continuation of long-standing efforts to strengthen mutual understanding between the parties and, at the same time, as an instrument for enhancing Israel's position as a regional power. In

addition, the Accords are considered within the context of an updated version of the “New Middle East” concept promoted by the United States of America. Overall, the political processes that have developed since the conclusion of the Abraham Accords demonstrate the absence of a unified platform for resolving Arab–Israeli relations and ensuring regional stability. Current dynamics indicate that the development of cooperation is determined primarily by pragmatic economic interests, while the impact of the Accords on security and stability issues remains limited.

Key words: Middle East, Israel, Arab Countries, Abraham Accords, Security, Geopolitics, Cooperation.

Kіpіcne

Араб-еврей қатынастары дін, саясат, өркениет, қауіпсіздік және этносаралық шиеленіс факторларын қамтитын көпқырлы әрі тарихи тамыры терең мәселе болып табылады. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап аталмыш мәселе халықаралық қатынастар жүйесіндегі ең өткір геосаяси түйіндердің біріне айналып, бүгінгі күнге дейін толық шешімін таппаған қақтығыстар қатарында қалып отыр. Осы кезең ішінде халықаралық қауымдастық аталған шиеленісті реттеуге бағытталған түрлі бастамалар мен дипломатиялық реттеу тетіктерін ұсынды. Осындай маңызды қадамдардың бірі – 2020 жылдан бастап жүзеге асырыла бастаған Авраам келісімдері. Америка Құрама Штаттарының делдалдығымен Израиль мен Біріккен Араб Әмірліктері, Бахрейн және Марокко арасында жасалған, 2021 жылы 6 қаңтар күні тарихи-географиялық тұрғыда араб әлемін Африкамен байланыстырушы Судан елі қосылған келісімдер аймақтағы ұзақ жылдар кезеңіндегі қақтығыс әлеуетін бәсеңдетуге бағытталған маңызды дипломатиялық қадам ретінде бағалануда. Бұл келісімдер Таяу Шығыс елдері үшін жаңа мүмкіндіктермен қатар қауіптер легін тудыратын үрдіс саналады. Олардың аймақтық және жаһандық деңгейдегі ықпалы әлі толық зерттелмегендіктен, аталған тақырыпқа деген ғылыми қызығушылық жоғары болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылып отырған мақала қазіргі халықаралық қатынастардағы жаңа дипломатиялық тетіктердің қалыптасуын және трансаймақтық байланыстардың күшеюін талдау тұрғысынан маңызды ғылыми бағытты құрайды.

Сонымен қатар, 2025 жылы қараша айында Авраам келісімдеріне Еуразия кеңістігінің орталығы, түркі әлемінің бесігі болып табылатын Қазақ елінің қосылуы келісімдерге жаңа геосаяси және өркениеттік сипат беріп отыр. Қазақстан Республикасының бұл үдеріске қатысуы Авраам келісімдерін дәстүрлі

Таяу Шығыстың географиялық шеңберінен шығарып, аймақаралық өзара іс-қимыл платформасына айналғанын көрсетеді. Енді бұл бастама Израиль мен араб мемлекеттері арасындағы қатынастарды реттеудің құралы ғана емес, кеңейтілген ынтымақтастық архитектурасын қалыптастыруға бағытталған жаңа форматқа ие болды. Қазақстанның келісімге қосылуы аймақтық және жаһандық деңгейдегі күш теңгерімдерін қайта пайымдауды, сондай-ақ Еуразия кеңістігіндегі жаңа ынтымақтастық перспективаларын талдауды қажет етеді. Бұл өз кезегінде Авраам келісімдерінің мәнін, олардың геосаяси салдарын, жаңа мүмкіндіктер мен ықтимал тәуекелдерді ғылыми тұрғыдан зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Өткен тарихи үдерістер халықаралық қатынастардың іргелі негізін құрап қана қоймай, қазіргі жаһандық саясатты талдаудың маңызды әдіснамалық бағдарын да қалыптастырады. XXI ғасырдың басында орын алған және Таяу Шығыстағы геосаяси трансформациялар арқылы айқын көрініс тапқан саяси үдерістердің едәуір бөлігін XX ғасырдың басынан бастап өрбіген стратегиялық бағыттардың заңды әрі тікелей жалғасы ретінде айқындаймыз. Осы ретте Авраам келісімдерін XX-XXI ғасырда түрлі халықаралық тәртіп жағдайында ұсынылған стратегиялардың жалғасы ретінде қарастырамыз.

Әдіснама

Мақалада Таяу Шығысқа қатысты тарихи деректер Ресей империясының сыртқы саясаты архивінде сақталған құжаттар негізінде зерделенді. Сонымен қатар дереккөз ретінде Израиль және араб елдерінің сыртқы саяси көзқарастарын айқындайтын ресми құжаттар пайдаланылды. Зерттеу барысында араб-еврей қатынастарының ерекшеліктерін зерделеу мақсатында тарихи-генетикалық әдіс қолданылып, Авраам келісімдерінің тарихи

алғышарттары мен басқа да дипломатиялық бастамалармен сабақтастығы айқындалды. Сонымен қатар салыстырмалы талдау әдісі арқылы Авраам келісіміне қосылған немесе қарсы болып отырған араб мемлекеттерінің сыртқы саяси ұстанымдары салыстырмалы тұрғыда қарастырылып, олардың ұстанымдарындағы айырмашылықтар анықталды.

Авраамдық ұғымы ислам, иудаизм және христиандық секілді үш әлемдік монотеистік діндерді ұштастыратын ортақ тұжырымдамалық негізді білдіреді және аталмыш жоба үш дін өкілдері арасындағы өзара қатынастарды нығайтуға бағытталған бастама ретінде тұжырымдалған. Жалпы Авраамдық тұжырымдаманың тарихи алғышарты туралы ғылыми ортада түрлі тұжырымдар қалыптасқан. XIX ғасырда Батыс христиандық ортада «Авраам өсиеті» (Abrahamic covenant) ұғымы қалыптасқан. Француз шығыстанушысы Луи Массиньон 1949 жылы жарық көрген «Барлық мүмкіндіктердің атасы Авраамның үш дұғасы» [1] атты еңбегінде аталған түсінікті ғылыми айналымға енгізіп, Авраамдық дәстүрлердің ислам, христиан және иудейлік мәтіндердегі ортақ теологиялық маңызын көрсетті. Ал тарихшы Бернард Льюис өзінің «Ислам әлеміндегі еврейлер» [2] еңбегінде осы идеяның негізінде – үш діннің тарихи өзара ықпалдастығы аясында авраамдық тұжырымдаманың мәнін ашуға ұмтылды.

Авраамдық тұжырымдамасы XX ғасырдың екінші жартысында жаңа бағытқа ие болып, 1962 жылы 31 қазанда Екінші Ватикан соборы нәтижесінде, 1965 жылы 28 қазанда Папа Павел IV жариялаған «Шіркеудің христиан емес діндерге қатынасы» туралы декларацияның (Nostra Aetate) қабылдануына ықпал етті. Декларация Рим-католик шіркеуінің өзге дін өкілдеріне, әсіресе иудаизм мен ислам діні өкілдеріне қатысты ұстанымын түбегейлі қайта қарастыруға бағытталды. Құжаттағы «Шіркеу мұсылмандарға құрметпен қарайды» деген тұжырым дінаралық диалогтың парадигмалық өзгерісін аңғартады [3].

Ұсынылып отырған мәселе тың тақырып ретінде заманауи зерттеушілердің назарын аударып отырған бағыт. Қазіргі таңда ғылыми-

сараптамалық мақалалар ауқымы өте кең, ал іргелі ғылыми әдебиеттердің ішінен бірқатар маңызды еңбектерді айқындауға болады. Американдық зерттеуші Эльхам Фахроның «Авраам келісімдері: Парсы Шығанағы мемлекеттері, Израиль және қатынастарды реттеу шегі» еңбегінде [4] автор Авраам келісімдеріне араб елдерінің қосылуы нәтижесінде Израиль мемлекеті аймақтық оқшаулықтан азаттық алды деген қорытынды жасайды. Автор Авраам келісімдерінің себебі ретінде Иран факторына қатысты Парсы Шығанағы елдері мен Израиль арасындағы ортақ ұстанымды көрсетеді және бұл келісімдерді «мүдделер негізінде орнаған жаңа тәртіп» деп айқындайды. «Авраам келісімдері: ұлттық қауіпсіздік, аймақтық тәртіп және халықтық өкілдік» [5] атты ұжымдық еңбекте Таяу Шығыстағы аймақтық тәртіптің өзгеруі, ұлттық қауіпсіздік мәселесі, қоғамдық пікірлер аясы қарастырылады. Еңбектің жетекші идеясына сәйкес, келісімдер тек «дипломатиялық қадам» ғана емес, қауіпсіздік архитектурасының жаңа нысаны саналады. Ресей зерттеушілері Ю.И. Костенко мен В.М.Морозов зерттеулерінде [6] Парсы Шығанағы елдерінің Авраам келісіміне қосылуының негізгі мәні ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуден айқындалады, бұл жерде екі тарап үшін де ортақ қауіп Иран мемлекеті деген тұжырымдар жасайды.

Исламдық институттар мен діни қайраткерлер, араб зерттеушілері Авраамдық идеяны ислам сенімдері мен қағидаттарына, сондай-ақ Палестина мәселесіне тигізетін ауыр салдарына байланысты қабылдамай отыр. Мұсылман ғалымдарының халықаралық одағы ұйымдастырған, 2021 жылы 21 ақпан күні өткен халықаралық конференцияда Авраам келісімдері «дінді саяси құрал ретінде пайдалану үрдісі» ретінде сынға алынған [7]. Зерттеуші Абд әл-Хак Дахманның «Авраамдық тәсіл және рухани дипломатия» атты мақаласында Авраамдық бағыт бейбітшілік пен дінаралық үйлесімді орнатуға бағытталған рухани дипломатия нысаны ретінде ұсынылғанымен, аталған тұжырымдама дінді саяси кеңістікке енгізу арқылы оның рухани мазмұнын әлсірететін, идеологиялық және геосаяси мүдделерге негізделген құбылыс

екенін атап көрсетеді [8].

Негізгі бөлім

Авраам келісімдерінің тарихи және саяси алғышарттары

Авраам келісімдерінің қалыптасу алғышартын бірнеше тарихи-саяси кезеңдер аясында қарастыруға болады:

Біріншіден, XIX ғасырдағы еуропалық державалардың Таяу Шығыста еврей ұлттық ошағын құруға бағытталған саяси, дипломатиялық және идеологиялық бастамаларының күшеюі.

Екіншіден, XX ғасырда Америка Құрама Штаттарының араб елдерін «Орта Шығыс қолбасшылығы» атты әскери блокқа біріктіру және Израильді осы әскери блоктың негізгі қатысшысына айналдыру идеясының алға тартылуы. Сонымен қатар Суэц дағдарысы кезеңінде араб ұлтшылдығы идеяларының өрістеуі, араб-еврей қатынастарының ушығуы.

Үшіншіден, XX ғасырдың 90 жылдарындағы «Жаңа Таяу Шығыс» тұжырымдасының ұсынылуы, XXI ғасырдың басындағы «Араб көктемі» толқуларының нәтижесінде орын алған революциялық үдерістер мен терең саяси өзгерістер.

XIX ғасырда Таяу Шығыс аймағы Ұлыбритания, Франция және Осман империясы арасындағы іргелі геосаяси мәселелер тоғысқан тартыс алаңына айналды. Еуропалық державалар өзара геосаяси бәсекелестік жағдайында болғанына қарамастан, Таяу Шығыста еврей мемлекетін құруға бағытталған ортақ стратегиялық мақсатты ұстанды. Аймақта сионистік қозғалыспен жасалған саяси келісімдер Израильдің Палестина аумағындағы үстемдігін күшейтуге негіз қалап, араб аймақтық жүйесінің құрылымына ықпал еткен ең маңызды себептердің біріне айналды. 1917 жылы Ұлыбритания мен сионистік қозғалыс арасында қабылданған Бальфур декларациясы «еврей халқы үшін ұлттық ошақ» құру идеясын ресми түрде қолдап, бұл үдерістің палестина халқы мүдделері есебінен жүзеге асатынын ашық көрсетті. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Палестина аумағына еврей иммиграциясының жаппай

толқыны басталды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан және 1956 жылғы Суэц дағдарысынан кейін Таяу Шығыс аймағы Америка Құрама Штаттарының мүддесі шоғырланған кеңістікке айналды. Осы кезеңде дербес мемлекет түрінде құрылған Израиль үшін де араб елдерімен қарым-қатынас мәселесі алдыңғы орынға қойылды. Соғыстан кейінгі кезеңде Таяу Шығыстағы АҚШ саясатының басты басымдықтарының бірі аймақтағы мұнай-газ ресурстарына бақылау орнатуға бағытталды. Вашингтон негізгі көлік және энергетикалық маршруттарды бақылауға мүмкіндік беретін стратегиялық маңызы бар тірек шептерін қалыптастыруға ұмтылды. Сонымен қатар америкалық саясат араб әлемінде балама ықпал ету орталықтарының қалыптасуына жол бермеуге және аймақтағы өз үстемдігін бекітуге бағытталған кешенді шараларды қамтыды. Осы тұрғыдағы бағыттардың бірі – Таяу Шығыста қорғаныс жүйесін құру туралы бастама болды. 1951 жылы 23 сәуірде Египеттің «әл-Ахрам» газеті «Жерорта теңізі пакті» атты мақаланы жариялап, онда Шығыс Жерорта теңізі елдерінің әскери блогын құру жоспарына арналған БҰҰ Бас хатшысы Трюгве Хальвдан Лидің араб мемлекеттерінің өкілдерімен жүргізген келіссөздері туралы мәліметтер беріледі [9]. Осы кезеңде «әл-Мисри» газетінде жарияланған «Таяу Шығыстың жаңа қорғаныс жобасы» атты мақалада Түркияның батыс державаларымен біріге отырып аймақтық қауіпсіздіктің жаңа тұжырымдамасын талқылағаны хабарланған [10]. Бұл идеяда Түркия және араб елдері кіретін қорғаныс жобасы ұсынылып, Израиль мемлекетінің де осы әскери блокқа интеграциясы жайында сөз қозғалған.

Араб әлемінің аталған жобаны қолдамау себептерін 1953 жылы 9 наурызда «әл-Мисри» газетінде жарияланған материалдар негізінде айқындауға болады. Онда келтірілген мәліметтерге сәйкес, Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысының Таяу Шығыс мәселелері жөніндегі көмекшісі Генри Байроуд араб мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдерімен жүргізген кездесулер барысында бірқатар талаптар мен ұсыныстарға тап болғандығы айтылады. Атап айтқанда,

араб елдері Америка Құрама Штаттарының Таяу Шығыста бейбітшілікті орнатуға және Вашингтон және араб елдері арасындағы қатынастарды жақсартуға ықпал етуін, бұл мақсатта Израильді мемлекет ретінде жоюды және оның орнына біртұтас Палестина мемлекетін құруды, сондай-ақ араб одағын қалыптастыру үдерісінде Америка тарапынан әскери әрі қаржылық қолдау көрсетуді ұсынған [11]. Осы тұрғыдан алғанда ХХ ғасырдың 50 жылдары Америка Құрама Штаттарының Израильді болашақ аймақтық альянстың негізгі буыны ретінде қарастырып, оны араб мемлекеттерімен ортақ саяси құрылымға енгізу әрекеті араб әлемінің ұстанымдарымен үйлеспей, нәтижесіз аяқталды.

Авраам келісімдерін тудырған тарихи алғышарттардың екінші кезеңін ХХ ғасырдың 90-жылдарындағы Америка Құрама Штаттары тарапынан ұсынылған «Жаңа Таяу Шығыс» тұжырымдамасымен байланыстырамыз. 2003 жылы «The Washington Post» беттерінде жарияланған «Таяу Шығыстың жаңа құрылымы» атты мақаласында сол кезеңдегі АҚШ Мемлекеттік хатшысы Кондолиза Райс Таяу Шығыста демократиялық қондырғыларды енгізудің қажеттілігін алға тартады [12]. Осы көзқарастың жалғасы түрінде «Жаңа Таяу Шығыс» стратегиясы ұсынылады. Сондай-ақ 1993 жылы 13 қыркүйекте Палестинаны азат ету ұйымы мен Израиль арасындағы қол қойылған Осло келісімдеріне және 1994 жылы Газа мен Иерихон жөніндегі келісімдерге сәйкес Палестина ұлттық автономияның құрылуынан кейін, 1996 жылы Оман және Катар сияқты бірқатар араб мемлекеттерінде израильдік сауда өкілдіктерінің ашылды. Бұл кезеңде аймақ мемлекеттері арасында екі жақты келісімдердің жақсаруына үлкен үміт ұялап, Шимон Перес ұсынған «Жаңа Таяу Шығыс» тұжырымдамасы бұл қадамдарды бекіте түсті. Осло келісімдері нәтижесінде араб елдерінің Израильмен қарым-қатынастарды жақсарту мәселесіне қатысты прагматикалық өзгеріс айқындалды. Авраам келісіміне алғашқы болып қосылған Біріккен Араб Әмірліктері мен Израиль арасында ХХІ ғасырдың басында байланыстардың өрбігенін айқындау маңызды. Мысалы, 2008 жылы Абу-Дабидің инфрақұрылым мен жағалауды

қорғау басқармасы израильдік кәсіпкер Мати Кохавиге тиесілі швейцариялық «IGT International» компаниясымен 816 миллион АҚШ доллары көлемінде келісімшарт жасасқан [13].

2011 жылы басталған «Араб көктемі» толқуларын да Араб шығысының картасын қайта құруға ықпал еткен оқиғалар тізбегі әрі Авраам келісімдерінің алғышарты ретінде қарастырамыз. Бұл толқулар нәтижесінде Израиль мемлекетінің аймақтық ұстанымының күшеюі орын алып, ұстанымы артты.

Араб-Израиль қатынастарындағы жаңа кезең: Авраам келісімдеріне қатысушылардың мүдделері

2020 жылы 15 қыркүйекте Вашингтонда Америка Құрама Штаттарының белсенді қатысуымен Израиль және Біріккен Араб Әмірліктері, Израиль-Бахрейн арасындағы қатынастарды жақсартуға арналған келісімдерге қол қою сәті өтті. Кездесу барысында төмендегі құжаттарға қол қойылды:

- Израиль мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы бейбітшілік, дипломатиялық қатынастар орнату және жақсарту туралы шарт [14];

- Израиль және Бахрейн арасындағы бейбітшілік, ынтымақтастық, сындарлы дипломатиялық әрі достық қатынастар туралы декларация [15];

- Иудаизм, христиан және ислам діндеріне ортақ рухани тұлға Авраамның құрметіне арналған кешенді «Авраам келісімдері» [16].

Осы көпжақты келісімге қол қойылу нәтижесінде Бахрейн және Біріккен Араб Әмірліктері 1979 жылғы Египеттен және 1994 жылғы Иорданиядан кейінгі Израиль мемлекетімен қатынастары қалыпқа келтірілген араб мемлекеттері ретінде тарихқа енді. Араб елдерінің ішінде Израильге қатысты ұстанымдар ерекшеленеді. Атап айтқанда, Египет және Иордания мемлекеттері Израильмен 1948 және 1967 жылдардағы араб-еврей соғыстарына қатысқан мемлекеттер. Сонымен қатар Египет және Израиль арасындағы қайшылықты арттырған 1956 жылы Суэц дағдарысы болса, 1973 жылы қазан соғысында Сириямен бірлесе

Израильмен соғысқан. Египет және Иордания, Сирияның Израильмен шекаралас болуы оларды қарсылық барысында алдыңғы шептегі мемлекеттер (frontline states) санатына кіргізді. Бұл факторлар араб елдерінің түгелдей Авраам келісімдеріне қол қоймай отырғанының тарихи себептерін айқындайды.

Біріккен Араб Әмірліктері мен Бахрейн Израиль мемлекетімен құрлықтық немесе теңіз бойымен шекаралары жоқ және ешқашанда Израильмен тікелей әскери қақтығыстарға қатыспаған. Бұл мемлекеттер тек араб мемлекеттерінің Израильге қарсы ұжымдық бойкот саясатына қатысуымен шектелген. Сондықтан Біріккен Араб Әмірліктері Авраам келісімдеріне қол қойғаннан кейін 2020 жылғы №4 Федералды Жарлықты қабылдап, ол бойынша 1972 жылғы № 15 Израильге бойкот жариялау туралы Жарлықтың күші жойылды [17]. 2020 жылы қабылданған заң Біріккен Араб Әмірліктері аумағындағы жеке және заңды тұлғаларға коммерциялық немесе қаржылық операциялар шеңберінде израильдік компаниялармен, азаматтармен келісімдер жасауға құқық береді. Сонымен қатар Израильде өндірілген барлық санаттағы тауарлар мен өнімдерді импорттауға, айырбастауға, иеленуге, сондай-ақ олармен Біріккен Араб Әмірліктері аумағында сауда жасауға рұқсат етіледі.

Авраам келісімдері Бахрейн және Израиль арасындағы қатынастарда ресми дипломатиялық қатынастар орнауына және ынтымақтастықты институционалдық әрі құқықтық негізде тереңдетуге мүмкіндік беретін негізгі саяси механизм ретінде айқындалады. 2021 жылы наурыз айында Бахрейн Израильдегі алғашқы елшісін тағайындаса, 2021 жылы қыркүйекте Израиль Манамада өз елшілігін ашты.

Біріккен Араб Әмірліктері мен Бахрейннің Авраам келісімдеріне қосылуының маңызды себептері ретінде төмендегі факторларды айқындаймыз:

1. Иранның ядролық бағдарламасы және «Шииттік жарты ай» геосаяси стратегиясынан туындаған Парсы шығанағы елдері мен Израиль арасындағы ортақ геосаяси және қауіпсіздік мәселелері.

2. Араб көшбасшыларының жаңа

буынының пайда болуы және олардың панарабизм, Палестина мәселесі түріндегі тарихи көзқарастардан ауытқуы, олардың ұстанымындағы идеологиялық көзқарасқа қарағанда саяси-экономикалық прагматизмнің күшеюі. Парсы шығанағындағы жаңа көшбасшылар буыны үшін бұрынғы араб ұлтшылдығы мәселесі экономикалық тиімділікке ауысып, Палестина мәселесіндегі «бейбітшілік үшін жер» ұраны «бейбітшілік үшін бейбіт өмір» ұстанымының қалыптасуына алып келді.

Авраам келісімдеріне аталған екі араб мемлекетінен басқа 2020 жылы желтоқсан айында Марокко және Судан елдері қосылды. Марокко монархиясы мен Израиль арасындағы қарым-қатынастар Рабаттың 1956 жылы Франциядан саяси тәуелсіздік алған кезеңінен бастау алады. Сонымен қатар Марокко мемлекетінде еврей қауымдастығы үлкен рөл атқарады. 2022 жылы Марокко королі Мұхаммед IV мәлімдемесінде елдегі еврей қауымын ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде жариялаған [18]. Марокко елінің еврейлері заңды тұрғыдан ел азаматтары ретінде танылады. Бұл тарихи, мәдени және этникалық ерекшелік Біріккен Араб Әмірліктері, Бахрейн және Суданға тән емес. Марокконың келісімге қосылуының басты себебінің бірі Алжир мемлекетімен тарихи қайшылықтан туындайды. Авраам келісімдері шеңберінде Марокко қару-жарақ көздерін сатып алуға және әскери арсеналын жаңғыртуға ұмтылады. Басты мақсат – Ресейден қару-жарақ сатып алып отырған Алжир мемлекетімен әскери қуатын теңестіру. Француздық «Les Echos» басылымында жарияланған мақалада Марокконың Танжер порты арқылы Африка құрлығына шығатын қақпа екендігі айқындалады. Яғни Израиль үшін мұндай ынтымақтастық әлемдік саудадағы үлесін арттыруға мүмкіндік береді [19].

Марокконың келісімге қосылуына түрткі болған маңызды саяси қадам – 2020 жылы 10 желтоқсан күні Америка Құрама Штаттарының Президенті Д. Трамптың Батыс Сахарадағы Марокко егемендігін мойындау туралы декларацияға қол қойғанын мәлімдеуі болды. Тарихи тұрғыдан алғанда Америка Құрама Штаттары басқа мемлекеттер тәрізді

Батыс Сахараның мәртебесіне қатысты бейтарап ұстанымды сақтап келген. Алдыңғы әкімшіліктер Батыс Сахара мәселесі бойынша Мароккомен өзара іс-қимыл жасауға дайындық танытқанымен, Трамп шешіміне дейін Америка Құрама Штаттары Марокконың Батыс Сахараға қатысты егемендігін және өзін-өзі жариялаған Сахара Араб Демократиялық Республикасын да мойындамаған [18]. Марокко сыртқы істер министрлігінің мәлімдемесінде АҚШ-тың Батыс Сахарадағы Марокко егемендігін мойындауын, сондай-ақ БҰҰ қамқорлығы аясында жүріп жатқан саяси үдеріс шеңберінде Рабаттың даулы аймаққа автономия беру идеясын қолдауын «тарихи серпіліс» ретінде баға берілген [20].

Авраам келісімдеріне қол қойылғаннан кейін, 2020 жылғы 22 желтоқсанда Марокко мәлімдемесінде «Израильмен ынтымақтастықты қайта жандандыру бейбітшілік пен өңірлік тұрақтылыққа бастайтын маңызды қадам ретінде» айқындалды. Сонымен қатар мәлімдемеде Марокко корольдігінің Палестина мәселесіне қатысты берік ұстанымы да жарияланды. Рабаттың ресми көзқарасына сәйкес, екі мемлекеттің бейбіт әрі қауіпсіз қатар өмір сүруін көздейтін «екі мемлекет» қағидатына негізделеді, «палестиналық және израильдік тараптар арасындағы келіссөздерді жан-жақты әрі түпкілікті реттеуге қол жеткізудің жалғыз жолы ретінде таниды», - деп айқындалды [21]. Яғни Марокко мемлекетінің ұстанымындағы екіұштылықты айқындаймыз. Бір жағынан Израильмен барлық салада ынтымақтастықты дамытуға ұмтылса, екінші жағынан Палестина халқының табандылығына адалдығын айқын атап көрсетеді. Марокконың ресми ұстанымындағы осы екіұдайлық 2023 жылғы 7 қазандағы оқиғаларға және одан кейінгі Израильдің Палестинадағы қысымына қатысты көзқарасын айқындайды. «Middle East Eye» жарияланған «Газадағы соғыс Марокко мен Израиль қатынастарын ажыратпады, керісінше нығайта түсті» деген сараптамада: «Марокконың АҚШ-тағы елшісі Юсеф Амрани 13 ақпанда «Аль-Хурра» телеарнасына берген сұхбатында Газадағы соғыс пен Таяу Шығыстағы апатты жағдай араб елдері мен Израиль арасындағы ынтымақтастықтың тоқтатылуына

алып келді», - деп мәлімдегеніне қарамастан, мұндай жағдай Сауд Арабиясы сияқты кейбір елдерге тән болуы мүмкін, алайда Израильмен байланыстарын тіпті жасырмай, керісінше тереңдете түскен Мароккоға мүлде қатысты емес», - деп айқындалады [22].

Хартум үшін Авраам келісімдері Америка Құрама Штаттары тарапынан Суданды терроризмді қолдаушы мемлекеттер тізімінен шығару туралы 2020 жылғы 14 желтоқсандағы шешімі аясында маңызды. 1997 жылы Америка Құрама Штаттары Хартумға қарсы экономикалық санкциялар енгізіп, Суданды террористік топтарды қолдады деп айыптаған болатын. Кения мен Танзаниядағы АҚШ елшіліктеріне жасалған шабуылдардан кейін санкциялар күшейтілген еді. Сондықтан Судан басшылығы Авраам келісімдеріне қосылу арқылы санкциялардан құтылу елдің экономикалық жағдайын арттырады деп үміттенді. Дегенмен 2023 жылы сәуірде Суданда басталған соғыс бүгінде әскери күштер арасындағы қақтығыс шеңберінен шығып, мемлекеттің ыдырауы мен әлеуметтік құрылымының терең күйреуі үдерісіне ұласып отыр. 2025 жылы 26-27 қазанда Фашир қаласының «Жедел әрекет ету күштері» тарапынан басып алынуы Дарфур аймағында ғана емес, бүкіл Судан көлемінде билік пен егемендікті түбегейлі өзгерткен тарихи бетбұрысқа айналды.

Израиль үшін Судан географиялық және стратегиялық жағынан маңызды ел. Бұл мәселе шеңберінде біріншіден, Судан – Египет – Эфиопия арасында Ніл өзенін пайдалану және гидроресурстар салу туралы қайшылықтар тарихи түрде жалғасып келе жатыр. Осы ретте гидроқауіпсіздік негізінде Египетке ықпал ету көзделуде. Екіншіден, Судан Қызыл теңіз жағалауындағы аса маңызды геостратегиялық орналасуы мен араб және африкалық әлемді жалғаушы мемлекет ретінде Израиль үшін аймақтық қауіпсіздік тұрғысынан маңызды болып табылады.

1982 жылы Израильдің сол кезеңдегі премьер-министрі Ариэль Шаронның кеңесшісі болған Овед Инон «1980 жылдардағы Израиль стратегиясы» атты зерттеуінде [23] аймақтың саяси-этникалық құрылымын түбегейлі өзгерту туралы көзқарасын ұсынады.

Аталған тұжырымдама аясында Судан секілді көпэтносты және кең аумақты мемлекетті басқа да араб мемлекеттері сияқты ыдыратып, өзара қақтығысқа бейім шағын саяси құрылымдар жүйесін қалыптастыру мүмкіндігі қарастырылған. Мұндай жағдай аймақтағы күштердің саяси алауыздығын тереңдете отырып, Израильге стратегиялық артықшылықтар береді деп пайымдалған. Инон ұсынған тұжырымдама ресми мемлекеттік доктрина мәртебесіне ие болмағанымен, Израильдің аймақтық қауіпсіздікке қатысты бағытын айқындайды. Бұл бағыт институционалдық тұрғыдан күшті, орнықты мемлекеттерге қарағанда бытыраңқы, саяси тұрғыдан әлсіз елдер Израиль үшін қолайлы стратегиялық орта қалыптастырады. Осы көзқарас шеңберінде Суданның бытыраңқылығы және мемлекеттік тұтастығының әлсіреуі Ніл өзенінің бастау көздері сияқты жоғары стратегиялық мәселелер бойынша мемлекетаралық үйлестіру мүмкіндігін төмендетеді. Қызыл теңіздегі теңіз коммуникацияларының қауіпсіздігіне қатер төндіреді және Африка мемлекеттерінің араб әлемінің ортақ саяси бастамаларын қолдау әлеуетін шектейді. Осы тұрғыдан алғанда, Судандағы ішкі дағдарыс жекелеген ұлттық әлсіреу ғана емес, аймақтық геосаяси конфигурацияға ықпал ететін фактор.

Авраам келісімдерінен кейінгі геосаяси жағдай

2011 жылғы «Араб көктемінен» кейін Таяу Шығыста қалыптасқан елеулі геосаяси өзгерістердің бірі – Америка Құрама Штаттарының Қытаймен стратегиялық бәсекелестігінің күшеюіне байланысты Азия-Тынық мұхит аймағына ерекше ден беруінің нәтижесінде Таяу Шығыстағы рөлінің салыстырмалы түрде әлсіреуі болды. 2020-2024 жылдар аралығында Таяу Шығыста Қытай Халық Республикасының саяси қатысуы белсендірілді. 2022 жылы «Қытай және араб әлемі», «Қытай және Парсы Шығанағындағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі» саммиттері өтіп, Қытай және Сауд Арабиясы, Иран, БАЭ бірлескен әскери жаттығулары өтті. Дегенмен «Қытайдың Таяу Шығыс аймағында саяси үстемдігінің орнауына тосқауыл болып

табылатын мәселелер кешені де жеткілікті. Идеологиялық, діни алшақтықтардан басқа, Америка Құрама Штаттарының Таяу Шығыстағы мүдделеріне қайшы келуге Қытай әскери әлеуеті жеткіліксіз. Пәкістан, Джибутидегі әскери базалары Үнді мұхиттағы Қытайдың әскери-стратегиялық қатысуын арттырып отыр. Дегенмен, Парсы Шығанағында американдық әскери ықпалдың Қытаймен салыстырғанда өте жоғары екендігін ерекшелік қажет. Осы ретте қазіргі кезеңде Қытайдың Таяу Шығыстағы саяси белсенділігінің төмендеуі де айқындалып отыр» [24, 127 б.].

2024 жылға дейін Иран Ислам Республикасы Таяу Шығыстық саяси бағытын жандандырып, Сирия, Ливан (Хезболла), ХАМАС арқылы «Шииттік жарты ай» геостратегиясына ерекше мән берді. Дегенмен Сириядағы Башар Асад режимінің құлауы, Израильдің ХАМАС және Хезболлаға қарсы соққылары Иранның аймақтық стратегиясына елеулі нұқсан келтірді және бұл мәселе Иранды тек әскери емес, саяси және идеологиялық тұрғыдан да әлсіретіп отыр.

Түркияның өрістеп келе жатқан таяушығыстық стратегиясы да Израиль тарапынан қарсы әрекеттер тудыруды. Атап айтқанда, Түркияның Шығыс Жерорта теңізі, Қара теңіз және Эгей теңізіне қатысты 462 мың шаршы шақырым теңіз кеңістігінде егемендігін нығайтуға бағытталған «Көк отан» (Mavi Vatan) доктринасы аймақтық қауіпсіздік архитектурасына тікелей әсер етуде. Осыған жауап ретінде 2025 жылы 22 желтоқсанда Иерусалимде өткен саммит барысында Израиль, Грекия, Кипр Түркияның теңіздік саясатына қарсы бағытталған біріккен стратегия қабылдады. Анкара «Көк отан» доктринасы арқылы теңіз аймақтарындағы ықпалын кеңейтіп, энергетикалық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етуді және стратегиялық автономиясын күшейтуді көздесе, Израиль-Грекия-Кипр альянсы ортақ энергетикалық дәліздерді қорғау мен Түркияның аймақтық амбицияларына қарсы ұжымдық қауіпсіздік тетіктерін нығайтуға ұмтылуда. Бұл жағдай Таяу Шығыс пен Шығыс жерорта теңізіндегі геосаяси бәсекелестіктің әскери-саяси сипат алып, көпполярлы қақтығыс аймағына айналып келе

жатқанын көрсетеді. Катар елінің Түркиямен стратегиялық одақ құруға бағытталған саясаты да Парсы Шығанағы мемлекеттері Біріккен Араб Әмірліктері, Бахрейн, Сауд Арабиясы тарапынан қарсылыққа тап болды. Осы мәселелер легі араб елдерінің Израильмен ортақ стратегиялық ұстанымдарының қалыптасуына қолайлы жағдай тудырды. Бұл мәселелердің барлығы Таяу Шығыстағы жаңа актор – аймақтық көшбасшы ретіндегі Израиль мемлекетінің жаңа рөлін айқындайды.

Авраам келісімдерінің тағы бір маңызды тұсы – Израиль мемлекетінің энергокөздерінің тасымалын ұштастыратын маңызды хабқа айналуға деген ұмтылысы. 2020 жылы Израиль Парсы шығанағынан Жерорта теңізіне мұнай тасымалдау жөніндегі хаттамаға қол қойды. Келісім аясында Біріккен Араб Әмірліктерінде орналасқан MRLB компаниясы жеткізеді. Бұл компания Абу-Дабидегі жергілікті «Petromal» мұнай компаниясына, гибралтарлық «Lubber Line Capital» компаниясына және израильдік «AF Entrepreneurship» компаниясына тиесілі [25]. Израильдің Эйлат портын Суэц каналына балама ретінде қолдану мақсатында Тель-Авив Біріккен Араб Әмірліктерімен Эйлат-Ашкелон мұнай құбырын пайдалану туралы келісімге отырған. Сонымен қатар Түркия-Сирия дәлізінің жандандырылуы мен Хиджаз теміржолының қайта жаңғыртылуы, сондай ақ Орталық Азияны Жерорта теңізіне шығатын қақпа ретінде Израиль арқылы Үндістан – Таяу Шығыс – Еуропа экономикалық дәлізімен байланыстыруға мүмкіндік береді. Авраам келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы Израиль мемлекетіне Қара теңіз және Каспий теңізінен мұнайдың жеткізілуін де көздейді. Осы ретте Авраам келісімдері ірі экономикалық мүдделер мен құрлықаралық сауда ағындарының қозғалысын бақылауға мүмкіндік беретін стратегиялық құралға айналу әлеуетімен де ерекшеленеді.

Қорытынды

Авраам келісіміне қатысқан араб елдерінің және Суданның Израильді мойындау және онымен қарым-қатынастарды жақсарту толқыны араб-израиль қатынастары тарихындағы ең маңызды құбылыс.

Біріншіден, бұл үрдіс Израильдің дипломатиялық ықпалының географиялық ауқымын едәуір кеңейтті. Бұрын Израиль тек Египет пен Иорданиямен ғана бейбіт келісімдерге қол жеткізген болса, қазіргі кезеңде оның саяси және дипломатиялық байланыстары Солтүстік Африканы, Таяу Шығысты, Африка мен Парсы Шығанағы аймағын қамтып, аймақтық деңгейден трансаймақтық сипатқа ие болды. Қазақстан Республикасының осы келісімдерге қосылуы бұл үдеріске еуразиялық өлшем беріп отыр.

Екіншіден, аталған өзгерістер Таяу Шығыста діни және идеологиялық факторлардан гөрі қауіпсіздік пен саяси прагматизмнің басымдыққа ие бола бастағанын көрсетеді. Көптеген араб елдері үшін тарихи-генетикалық әрі жадылық факторлар маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, Дарий I дәуіріндегі Иранның империялық саясаты, Осман империясы кезеңіндегі араб-түрік қатынастарының тарихи тәжірибесі қазіргі Иран мен Түркияның аймақтық амбицияларымен сабақтастырылып, ортақ қауіп ретінде қабылдануда. Осы тұрғыда Израильмен ынтымақтастық аталған мемлекеттер үшін стратегиялық қажеттілікке айналып келеді.

Үшіншіден, бұл мәселенің кері астарлары да бар. Таяу Шығыс, география тарихпен, ал табиғи ресурстар идеологиямен тоғысып, ықпал мен бақылау үшін үздіксіз геосаяси қайшылықтар мен қарулы қақтығыстар орын алып отырған кеңістік. Осы орайда аймақтық қақтығыстарды шешу тетігі ретінде пайғамбар Авраам тұлғасын өзара түсіністік пен татуластықтың символдық негізі ретінде қарастыру арқылы Авраам келісімдері шеңберінде, Таяу Шығыстағы қақтығыстың табиғатын діни сипатқа әкеліп тіреу саясаты айқындалады. Яғни халықаралық қауымдастықта бұл қайшылық мұсылмандардың еврейлерге деген діни өшпенділігі мен дұшпандығынан туындайды, мұсылмандар Израильдің иудейлік сипатына байланысты қарсы деген деген түсінік тудырады. Алайда бұл пайымдаулар шындыққа сәйкес келмейді. Исламдық дүниетанымда діни қақтығыс түсінігі жоқ, өйткені мұсылмандар иудаизмді монотеистік дәстүр ретінде мойындайды және оның пайғамбарлары мен қасиетті мәтіндеріне

сенеді. Бұл көзқарас көптеген еврей раввиндері тарапынан да мойындалған. Мұсылмандар көзқарасы тұрғысынан қарағанда, мәселе діни емес, саяси және геосаяси сипатқа ие, ал қақтығыстың өзегі – Палестина аумағындағы оккупация және оған қарсы ұйымдасқан қарсылық қозғалыстары. Осы тұрғыдан алғанда, авраамизм тұжырымдамасының аймаққа ұсынылуы араб әлемі үшін дәстүрлі діни құрылымдардан өзгеше, сырттан енген жаңа идеологиялық үлгі екені айқындалады. Бұл тұжырым аймақтың әлеуметтік-тарихи қарқынында берік негізге ие емес, оларды қолдаушы сыртқы саяси күштердің ықпалы әлсіреген жағдайда бұл идеялардың да тұрақтылығы төмендеп, уақыт өте өз маңызын жоғалтуы ықтимал. Осылайша, авраамизм жобасының ұзақ мерзімді өміршеңдігі күмән тудырады, себебі оның іргелі тұжырымдамалық тірегі жеткілікті деңгейде қалыптаспаған.

Төртіншіден, рухани мазмұны жағынан Авраам келісімдері өте қажетті және өткір бағыт. Алайда бұл үдеріс ресми арабаймағының жүйелік дағдарысын, палестиналық мәселенің саяси күн тәртібінен шеттетілуін және билеуші элита мен кең бұқара арасындағы алшақтықты айқын көрсетіп отыр. Израильмен қарым-қатынасты жақсарту мемлекеттер деңгейінде тактикалық одақтар қалыптастыруға мүмкіндік бергенімен, қақтығыстың түпкі себептерін жоятын шынайы бейбітшілікті қамтамасыз етуге әлеуеті жеткіліксіз. Сонымен қатар, Палестинаны өздерінің негізгі саяси-адамгершілік мәселесі ретінде қабылдайтын араб халықтарының сенімі мен қолдауына ие бола алмай отыр. Осыған байланысты бұл келісімдердің болашағы олардың элиталар арасындағы прагматикалық мәміле шеңберінен шығып әділеттілікке негізделген, жан-жақты әрі инклюзивті бейбіт жобаға айналу қабілетіне тәуелді.

Бес жылдан бергі жағдайға талдау жасағанда Авраам келісімдері классикалық мағынадағы «бейбітшілік» орната алмағанын айқындаймыз, келісімдер даулы шекаралары бар мемлекеттер арасындағы қақтығысты тоқтатқан жоқ. Негізінен бұл келісімдер бұрыннан қалыптасқан стратегиялық одақты ресми түрде бекітті. Олар Израильмен ашық өзара іс-қимыл жасауға қатысты психологиялық кедергіні еңсеруге

мүмкіндік беріп, қысқа мерзімді кезеңде Парсы шығанағы мемлекеттерінің қауіпсіздік және экономикалық мүдделерін нығайтты.

Әдебиеттер тізімі

1 Massignon L. Les trois prières d'Abraham, père de tous les croyants. Paris:Éditions du Seuil,1949. – 176 p.

2 Бернард Л. Евреи ислама / предисл. М. Коэна; пер. с англ. М. Липкина. – М.: ИД «Книжники», 2020. – 216 с.

3 Declaratio de Ecclesiae habitudine ad religiones non-christianas Nostra Aetate // [Электронды ресурсы] URL: https://www.vatican.va/archive/hist_councils/ii_vatican_council/documents/vat-ii_decl_19651028_nos-tr-a-etate_en.html (қаралған күні: 11.10.2025)

4 Fakhro E. The Abraham Accords: the Gulf states, Israel, and the limits of normalization. New York: Columbia University Press, 2024. – 347 p.

5 Mason R. The Abraham Accords: National Security, Regional Order, and Popular Representation (The Gulf States in International Affairs). Bloomsbury Academic, 2025. – 314 p.

6 Костенко Ю.И., Морозов В.М. «Соглашения Авраама»: и новая реальность в арабо-израильских отношениях // Вестник Томского государственного университета. – 2024. – № 503. – С. 37-52.

7 موقف الأمة الإسلامية من الديانة الإبراهيمية عبد الحق دحمان // [Электронды ресурсы] URL: <https://alabasirah.com/node/1295> (қаралған күні: 10.01.2026)

8 التوجه الإبراهيمي الجديد والدبلوماسية الروحية [Электронды ресурсы] URL: <https://almojaded.com/2022/07/19/11412/> (қаралған күні: 10.01.2026)

9 АВПРФ. – Ф.87/087. – Оп. 12. – Пор. 15. – Д. 729. – Л. 56.

10 АВПРФ. – Ф.87/087. – Оп. 13. – Пор. 16. – Д. 725. – Л. 155.

11 АВПРФ. – Ф.87/087. – Оп. 13. – Пор. 16. – Д. 725. – Л. 180.

12 Condoleezza Rice Transforming the Middle East // [Электронды ресурсы] URL: <https://www.washingtonpost.com/archive/opinions/2003/08/07/transforming-the-middle-east/2a267aac-4136-45ad-972f-106ac91e5acd/> (қаралған күні: 14.10.2025)

13 Cyber, defense and water projects: Israeli companies have made billions working in the UAE // [Электронды ресурсы] URL: <https://www.calcalistech.com/ctech/articles/0,7340,L-3845233,00.html> (қаралған күні: 15.10.2025)

14 Abraham Accords Peace Agreement: Treaty of Peace, Diplomatic Relations and Full Normalization between the United Arab Emirates and the State of Israel // [Электронды ресурсы] URL:<https://peacemaker.un.org/ru/node/9957> (қаралған күні: 17.10.2025)

15 Abraham Accords: Declaration of Peace, Cooperation and Constructive Diplomatic and Friendly Relations // U.S. Department of State // [Электронды ресурсы] URL: https://www.state.gov/wp-content/uploads/2020/09/Bahrain_Israel-Agreement-signed-FINAL-15-Sept-2020-508.pdf (қаралған күні: 17.10.2025)

16 The Abraham Accords Declaration // [Электронды ресурсы] URL: <https://www.state.gov/wp-content/up->

loads/2020/10/Abraham-Accords-signed-FINAL-15-Sept-2020-508-1.pdf (қаралған күні: 17.10.2025)

17 Khalifa bin Zayed issues a decree to abolish the Israel Boycott Law // [Электронды ресурсы] URL: <https://www.wam.ae/en/details/1395302865596> (қаралған күні: 20.10.2025)

18 King Mohammed VI recognizes Jewish community as part of Moroccan culture // [Электронды ресурсы] URL: <https://www.jpost.com/diaspora/article-712317> (қаралған күні: 20.10.2025)

19 Dupeyron C. Les relations d'Israël avec les pays arabes moins tendues // [Электронды ресурсы] URL: <https://www.lesechos.fr/monde/afrique-moyen-orient/les-relations-disrael-avec-les-pays-arabes-moins-tendues-1788382> (қаралған күні: 24.10.2025)

20 United States Recognizes Morocco's Sovereignty Over Western Sahara // [Электронды ресурсы] URL: [https://www.americanjournalofinternationallaw.com/115\(2\):318-323](https://www.americanjournalofinternationallaw.com/115(2):318-323). doi:10.1017/ajil.2021.11 (қаралған күні: 24.10.2025)

21 Morocco confirms 'resumption' of diplomatic relations with Israel // [Электронды ресурсы] URL: <https://www.france24.com/en/live-news/20201210-morocco-confirms-resumption-of-diplomatic-relations-with-israel> (қаралған күні: 24.10.2025)

22 Ignacio Cembrero. The Gaza war has not distanced Morocco from Israel, quite the opposite // [Электронды ресурсы] URL: <https://www.middleeasteye.net/opinion/morocco-israel-gaza-war-has-not-distanced-quite-opposite> (қаралған күні: 24.10.2025)

23 Oded Yonon's «A Strategy for Israel in the Nineteen Eighties» // [Электронды ресурсы] URL: https://dn720006.ca.archive.org/0/items/yonon-plan/Yonon_Plan.pdf?utm_source=chatgpt.com (қаралған күні: 10.01.2026)

24 Сапар А., Турекулова Ж., Муминов Н. XXI ғасыр Теңіз жібек жолы жобасы шеңберіндегі Қытай Халық Республикасының әскери-теңіз саясаты және Таяу Шығыс елдерімен қарым-қатынасы // Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет. – 2023. – №4(87). – Б.113–127 б.

25 Израиль подписал соглашение об импорте нефти из ОАЭ // [Электронды ресурсы] URL: <https://www.newsru.co.il/finance/20oct2020/oil310.html> (қаралған күні: 25.10.2025)

Transliteration

1 Massignon L. Les trois prières d'Abraham, père de tous les croyants. Paris:Éditions du Seuil,1949. – 176 p.

2 L'yuis B. Evrei islama [The Jews of Islam]. – М.: ID "Knizhniki", 2020. – 216 s. (in Russ)

3 Declaratio de Ecclesiae habitudine ad religiones non-christianas Nostra Aetate // [Электронды ресурсы] URL: https://www.vatican.va/archive/hist_councils/ii_vatican_council/documents/vat-ii_decl_19651028_nos-tr-a-etate_en.html (Qaralghan kuni: 11.10.2025)

4 Fakhro E. The Abraham Accords: the Gulf states, Israel, and the limits of normalization. New York: Columbia University Press, 2024. – 347 p.

5 Mason R. The Abraham Accords: National Security, Regional Order, and Popular Representation (The Gulf States in International Affairs). Bloomsbury Academic, 2025. – 314 p.

6 Kostenko, Yu. I., Morozov, V. M. "Soglasheniya Avraama": I novaya real'nost' v arabo-izrail'skikh otноsheniyakh [The Abraham Accords and the new reality in Arab-Israeli relations]. Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2024. – № 503. – S. 37-52. (in Russ)

7 Mawqifu al-ummata al-islāmiyyati mina ad-diyānati al-ibrāhīmiyyah [The Islamic nation's stance on the Abrahamic religions] // [Электронды ресурсы]. URL: <https://alabasirah.com/node/1295> (Qaralghan kuni: 10.01.2026) (in Arab)

8 At-tawajjuh al-ibrāhīmī al-jadīd wa-d-diblūmāsiyya ar-rūhiyya [A New Abrahamic Approach and Spiritual Diplomacy] // [Электронды ресурсы]. URL: <https://almojaded.com/2022/07/19/11412/> (Qaralghan kuni: 10.01.2026) (in Arab)

9 AVPRF [Archive of Foreign Policy of the Russian Federation]. – F. 87/087. – Op.12. – P.15. – D. 729. – L.56.

10 AVPRF [Archive of Foreign Policy of the Russian Federation]. – F. 87/087. – Op.13. – P.16. – D. 725. – L.155.

11 AVPRF [Archive of Foreign Policy of the Russian Federation]. – F. 87/087. – Op.13. – P.16. – D. 725. – L.180.

12 Condoleezza Rice Transforming the Middle East // [Электронды ресурсы]. URL: <https://www.washingtonpost.com/archive/opinions/2003/08/07/transforming-the-middle-east/2a267aac-4136-45ad-972f-106ac91e5acd/> (Qaralghan kuni: 14.10.2025)

13 Cyber, defense and water projects: Israeli companies have made billions working in the UAE // [Электронды ресурсы]. URL: <https://www.calcalistech.com/ctech/articles/0,7340,L-3845233,00.html> (Qaralghan kuni: 15.10.2025)

14 Abraham Accords Peace Agreement: Treaty of Peace, Diplomatic Relations and Full Normalization between the United Arab Emirates and the State of Israel // [Электронды ресурсы]. URL: <https://peacemaker.un.org/ru/node/9957> (Qaralghan kuni: 17.10.2025)

15 Abraham Accords: Declaration of Peace, Cooperation and Constructive Diplomatic and Friendly Relations // U.S. Department of State // [Электронды ресурсы]. URL: https://www.state.gov/wp-content/uploads/2020/09/Bahrain_Israel-Agreement-signed-FINAL-15-Sept-2020-508.pdf (Qaralghan kuni: 17.10.2025)

16 The Abraham Accords Declaration // [Электронды ресурсы] URL: <https://www.state.gov/wp-content/uploads/2020/10/Abraham-Accords-signed-FINAL-15-Sept-2020-508-1.pdf> (Qaralghan kuni: 17.10.2025)

17 Khalifa bin Zayed issues a decree to abolish the Israel Boycott Law // [Электронды ресурсы] URL: <https://www.wam.ae/en/details/1395302865596> (Qaralghan kuni: 20.10.2025)

18 King Mohammed VI recognizes Jewish community as part of Moroccan culture // [Электронды ресурсы]. URL: <https://www.jpost.com/diaspora/article-712317> (Qaralghan kuni: 20.10.2025)

19 Dupeyron C. Les relations d'Israël avec les pays arabes moins tendues // [Электронды ресурсы] URL: <https://www.lesechos.fr/monde/afrique-moyen-orient/les-relations-disrael-avec-les-pays-arabes-moins-tendues-1788382> (Qaralghan kuni: 24.10.2025)

20 United States Recognizes Morocco's Sovereignty Over Western Sahara // [Электронды ресурсы]. URL:

American Journal of International Law. 115(2):318-323. doi:10.1017/ajil.2021.11 (Qaralghan kuni: 24.10.2025)

21 Morocco confirms 'resumption' of diplomatic relations with Israel // [Jelektrondy resurs]. URL: <https://www.france24.com/en/live-news/20201210-morocco-confirms-resumption-of-diplomatic-relations-with-israel> (Qaralghan kuni: 24.10.2025)

22 Ignacio Cembrero. The Gaza war has not distanced Morocco from Israel, quite the opposite // [Jelektrondy resurs]. URL: <https://www.middleeasteye.net/opinion/morocco-israel-gaza-war-has-not-distanced-quite-opposite> (Qaralghan kuni: 24.10.2025)

23 Oded Yinon's «A Strategy for Israel in the Nineteen Eighties [Jelektrondy resurs] // URL: https://dn720006.ca.archive.org/0/items/yinon-plan/Yinon_Plan.pdf?utm_source=chatgpt.com (Qaralghan kuni: 10.01.2026)

24 Sapar A., Turekulova Zh., Muminov N. XXI gasyr Teniz zhibek zholy zhubasy shenberindegi Kytaj Halyk Respublikasynyn askeri-teniz sajasaty zhane Tajau Shygys elderimen karym-katynasy [Naval policy of the People's Republic of China within the framework of the 21st century Maritime Silk Road project and relations with the countries of the Middle East] // *Memlekettik baskaru zhane memlekettik kyzmet.* – 2023. – №4(87). – S.113–127. (in Kaz)

25 Izrail' podpisal soglashenie ob importe nefiti iz OAE [Israel signed an agreement to import oil from the UAE] // [Jelektrondy resurs]. URL: <https://www.newsru.co.il/finance/20oct2020/oil310.html> (in Russ) (Qaralghan kuni: 25.10.2025)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Жандос Абуталипұлы Сарсенбеков

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, email: szhandos@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0009-5530-2237>

Ардақ Базарбайұлы Монтаев

доцент, PhD, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, email: ardaqmon@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-6364-700X>

Жұлдыз Елтайқызы Турекулова

доцент, PhD, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, email: turekulova74@mail.ru ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-2461-2488>

Жандос Абуталипович Сарсенбеков

старший преподаватель, Южно-Казахстанский университет им. М.Ауезова, Шымкент, Казахстан, email: szhandos@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0009-5530-2237>

Ардақ Базарбаевич Монтаев

доцент, PhD, Южно-Казахстанский университет им. М.Ауезова, Шымкент, Казахстан, email: ardaqmon@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-6364-700X>

Жұлдыз Елтаевна Турекулова

доцент, PhD, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан, email: turekulova74@mail.ru ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-2461-2488>

Zhandos Sarsenbekov

Senior Lecturer, M. Auevov University, Shymkent, Kazakhstan, email: szhandos@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0009-5530-2237>

Ardak Montayev

Associate Professor, PhD, M. Auevov University, Shymkent, Kazakhstan, email: ardaqmon@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-6364-700X>

Zhuldyz Turekulova

Associate Professor, PhD, M. Auevov University, Shymkent, Kazakhstan, email: turekulova74@mail.ru ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-2461-2488>